

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Таганцев Н. С. Лекции по русскому уголовному праву. Часть общая. — СПб., 1887. — Вып. 1. — 373 с.
3. Бабоян Д. Путевка в АД. М., 1974. 134 с.
4. Ураков И.Г. Нашақорлық: Мифтер мен шындық. - М.,1990. – 76 б.
5. М.К.Бінтықбаев, Фетқулов Г.Х. Қазақстандағы есірткіге қарсы қылмыстық-құқықтық күрестің кезеңдері // құқықтың теориялық мәселелері: пайымдаулар мен перспективалар - Қарағанды,1996 ж. – 91 б.
6. 1998 жылғы 14 мамырдағы ҚР ЖСНҚ «есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттардың заңсыз айналымына байланысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы».
7. Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімі бойынша схемалар альбомы — Қарағанды, 2000 ж. — 114 б.
8. Тацій В. Я. Объект и предмет уголовных правонарушений по советскому уголовному праву. — Харьков, 1982. — С. 86-87с.
9. Мирошниченко Н. А., Музыка А. А. Уголовно-правовая борьба с наркоманией. — Киев-Одесса, 1988. — С. 126.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАТЕР

Сарсембаев Б.Ш., х.ғ.к., ағқ ЭҚЗ ҒЗИ, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
Сейітхожин Б.Ө., з.ғ.к., доцент, ағқ ЭҚЗ ҒЗИ, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдалану және олардың заңсыз айналымы соңғы жылдары адамзаттың ең күрделі жаһандық мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қазіргі уақытта нашақорлық проблемасы әлемдік қауымдастықта өзекті мәселелердің бірі болып қалуда және соның салдарынан жастар арасындағы есірткіні қолдану жағдайы да барлық елдерді алаңдатып отыр.

Міне, сондықтан осы қауіпті құбылысты шешудің батыл, жаңа және ерекше жолдарын іздестіру қажет. Сондықтан әлемде және әрбір жеке мемлекетте есірткінің таралуына жол бермеу бойынша барлық шаралар қабылдануы қажет [1].

Халықаралық сарапшылар арасында бұл мәселені шешуде әртүрлі көзқарас бар, сондықтан есірткі бизнесіне қарсы күрес жолдарының бірі ретінде қылмыстық заңнаманы түбегейлі қатайтуға дейін әртүрлі шаралар ұсынылады, яғни жазалау шараларына сүйену ұсынылады.

Ал нашақорлықтың алдын алуды насихаттайтын мамандардың пікірінше қылмыспен күресудің маңыздылығы мен қажеттілігіне қарамастан, оған ықпал ететін басқа да әлеуметтік шаралар болуы керек.

Есірткі – бұл психотроптық немесе есірткі ретінде жіктелетін заттар, препараттар, өсімдіктер. Оларды дұрыс пайдаланбау денсаулыққа қауіп төндіреді.

Заң әдебиеттерінде көрсетілгендей «Есірткі» терминінің өзі мына төмендегідей үш критерийді қамтиды:

- Медициналық – бұл орталық жүйке жүйесіне әсер ететін зат, құрал, дәрілік зат.
- Әлеуметтік – егер затты медициналық емес мақсатта тұтыну соншалықты кең таралған болса, ол қоғамдық маңызға ие болады.

- Заң тұрғысынан – егер зат заңды түрде психотропты немесе есірткі деп танылса. Айта кету керек, барлық үш критерийдің бірлігі болған жағдайда ғана препарат есірткі ретінде танылуы мүмкін [2, 42-43 б.].

Нашақорлықтың даму себептерінің мынандай 3 тобы бар: психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік [3].

- Психологиялық себептер – жағымсыз эмоцияларға төзімділіктің төмендігі, қиялшылық және шындықтан алшақтауы, қажеттіліктерді табиғи жолмен қанағаттандыра алмауы. Әдетте, нашақорлыққа адамның өмірден керекті қасиеттерін тез алу қажеттілігі, амбициялығы, өзіне деген жоғары үміті өкінішпен аяқталатын, жинақталған мәселелерді шешуден бас тарту, бүлікшілдік, қиялға берілу сияқты қасиеттері итермелейді. Нашақорлыққа әкелетін психологиялық мәселелер бала кезінен басталады. Кейбір жасөспірімдердің психикасы жетілмеген, ересек өмірге дайын емес болып келеді. Бұл шамадан тыс қамқорлықтан немесе балаға қойылатын талаптардың жоғарылауынан туындайды. Нашақорлықтың себептерінің бірі отбасындағы зорлық-зомбылық болуы мүмкін, міне, осыдан кейін адам есірткіден қуаныш пен жұбаныш табуға тырысады. Нашақорлықты тудыратын факторлардың бірі – ата-аналардың балаға жеткіліксіз көңіл бөлуінен, ата-ананың бала тәрбиесіндегі тым еркін стилі, барлығына рұқсат етілуіне байланысты, және онда баланың уақыты, оның психикалық және физикалық жағдайы бақыланбайды. Есірткіні бірінші қолдану әдетте қызығушылықпен байланысты болады. Кейде жасөспірімдердің нашақорлығына интеллектуалды немесе шығармашылық жетістікке жетуге деген ұмтылыс итермелейді. Көбінесе есірткіні бірінші қабылдаудың себебі – жасөспірімдік максимализм, наразылық білдіру, ережелер мен нормаларға бағынбау болып табылады. Нашақорлықтың дамуына көбіне неғұрлым қарапайым мәселелер себеп болады, мысалы, өзіне деген сенімсіздік, зеріккендік, бір нәрсені дәлелдеу, компанияға қабылдану, кумирларға еліктеу қажеттілігі т.с.с.

- Физиологиялық факторларға тұқым қуалаушылық жатады (эмоционалды жағдайдың үнемі өзгеруімен, жағымды эмоциялардың жеткіліксіздігімен, мазасыздық деңгейінің жоғарылауымен, үнемі қанағаттанбау сезімімен). Бұл барлық жағдайлар ми жұмысының бұзылуымен байланысты болады. Нашақорлықтың бастапқы кезеңінде психотроптық немесе есірткі заттар тез көмектеседі және барлық мәселелерді жояды. Бірақ уақыт өте келе қабылдаудың әсері азаяды немесе мүлдем жоғалады, ал адам осы уақыттан кейін препараттарға тәуелді болады. Физикалық тәуелділік пайда болғаннан кейін есірткінің болмауы абстинентті синдром – есірткі аштығына әкеліп соғады.

- Әлеуметтік себептерге қоғамдағы құндылықтардың дағдарысы, әлеуметтікке қарсы мінез-құлықты насихаттау, дұрыс және салауатты өмір салтын насихаттаудың болмауы жатады. Әлеуметтану тұрғысынан нашақорлық девиантты мінез-құлықтың, яғни жалпы қабылданған нормалардан ауытқитын мінез-құлықтың бір түрі болып табылады. Девиантты мінез-құлыққа бейім адамдарды итермелейтін маңызды факторлардың бірі - «заңсыз рахат алуға» ұмтылу. Басқа себептер, көбінесе — нашақорлық пен есірткі беретін тәжірибені бастан өткеруге деген ықыласы.

Көріп отырғанымыздай, нашақорлықтың көптеген себептері психологиялық және әлеуметтік факторлардың жиынтығы болып табылады.

Ал енді нашақорлықтың зиянына келетін болсақ біріншіден, әрбір нашақор қоғамға және әр отбасына жеке қауіп төндіреді.

Нашақорлық деградацияға, ауруға, жеке тұлғаның жойылуына, өлімге әкеледі. Нашақорлар арасында ЖҚТБ-мен ауыратындар көп және олардың көпшілігі қылмыстық өмір салтын ұстанады. Есірткінің кезекті бөлігіне ақша табу үшін олар қылмыстық әрекеттердің барлық түрлерімен: көлік ұрлау, тонау, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру, қарақшылық және т.б. айналысады. Нашақорлардан туылған балалар туылғаннан бастап мүгедек болады. Және көбінесе олар ауруханада қалады да бұл сәбилерге қамқорлық мемлекеттің мойнына түседі.

Нашақорлық – бұл жай ғана проблема емес, бұл «қоғам ағзасындағы жара», оны жалпы күш-жігермен емдеу керек, әйтпесе ол бүкіл «денеге» таралады және оны бұзады.

Наркотизм – бұл халықтың әртүрлі топтарын өзіне тартатын жаһандық әлеуметтік мәселе. Жасөспірім балалар арасында да нашақорлық артып келеді [4]. Нашақорлар негізінен жағдайы нашар отбасыларда тұратын балалар. Бірақ жағдайы дұрыс отбасылардан шыққан жасөспірімдер де бұл аурудан қорғалмаған.

Жасөспірімдік нашақорлық жас және буыны қатпаған балалардың өмірін бұзады. Баланың қалыптаспаған психикасы есірткі қабылдау қаупі мен салдарын бағалай алмайды. Нашақорлық жолына түсе отырып, жасөспірімдер көп жағдайда басқа да заңсыз әрекеттер мен қылмыстар жасайды. Есірткі біздің заманымыздың үлкен әлеуметтік мәселесі жасөспірімдердің қылмысын тудырады.

Жасөспірімді есірткіге тәуелділіктен емдеу өте қиын, өйткені ол есірткіге мас күйінде болғанды ұнатады, себебі онда барлық проблемалар бірден жойылып кетіп, өз әрекеттері үшін де, уәделері үшін де жауап берудің қажеті жоқ. Сол себептен ол емделгісі келмей одан қашып жүреді. Жасөспірімдер арасындағы есірткіге қарсы іс-қимыл қоғамның барлық мүшелерінің бірлескен күш-жігерімен жүзеге асырылуы тиіс, бұл өскелең ұрпақтың нашақорлығының жойылуы немесе кем дегенде қысқартылуына әкеледі.

Нашақорлықты емдеу, әдетте, оң нәтиже бермейді, сондықтан наркотизмнің алдын – алу, оны болдырмаудың маңызды әдісі болып табылады. Нашақорлық пен маскүнемдіктің алдын алуды, оның ата-анасының тәрбиесін көрсететін жанұядан бастау керек. Сондай-ақ, ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынас, достық және ашық қарым-қатынас та маңызды. Тәрбиелеудің диктаторлық стилі, немқұрайлылық, балаға деген дөрекілік оны есірткіден қорғаусыз жағдайға әкеледі.

Егер балада жасөспірім кезінде қарым-қатынас проблемалары туындаса, оқшаулану, тұйықтық болса, оған психологтың кеңесі қажет. Оқу орындары да шетте қалмауы керек және есірткінің алдын алу және оған қарсы іс-шаралар үнемі және балаларға қол жетімді түрде жүргізілуі керек. Яғни, олар жасөспірім балаларда салауатты өмір салты мен есірткіден бас тартудың берік өмірлік ұстанымын қалыптастыруы керек. Жұмысты мүмкіндігінше көп балаларды тарта отырып жүргізіп, ол үшін өзекті және қызықты формаларды таңдау керек: мысалы, әңгіме, кинофильм, бейнесюжет, әлеуметтік комикстер, сурет конкурстары, фотосуреттер конкурстары және т.б. Әр өңірдің билігі халықты нашақорлықтың зияны мен зардаптары туралы хабардар етуге және оқытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға міндетті.

Нашақорлықтың алдын алу сондай-ақ заңнаманы қатаңдату, адамдардың әлеуметтік жағдайларын жақсарту, нашақорлармен байланысын азайтуға байланысты болып табылады.

Нашақорлықтан туындаған немесе онымен байланысты барлық қылмыстарды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады. Әр топтағы есірткі қылмыстарының ауқымы өте кең [5].

Бірінші топқа есірткі тұтынушылар жасаған қылмыстарды біріктіреміз. Бұған, ең алдымен, есірткіні сақтау, өндіру, өңдеу, тасымалдау бойынша заңмен тыйым салынған әрекеттер және осы заттарды кейінірек пайдалану үшін жеке мақсатта пайдаланатын және өндіретін адамдар жасайтын басқа да есірткі операциялары жатады. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі қолданыстағы Қылмыстық кодексінде есірткімен жасалатын барлық заңсыз операциялар үшін жауапкершілік белгіленген.

Қылмыстық жазаланатын әрекеттерге: өткізу мақсатынсыз есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, олардың аналогтарымен заңсыз қарым-қатынас жасау, (ҚК 296-бабы), есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚК 297-бабы), есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын ұрлау не бопсалау (ҚК 298-бабы), есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын тұтынуға көндіру (ҚК 299-бабы), есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың аналогтарын, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз

жарнамалау (ҚК 299-1-бабы), құрамында есірткі заттары бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру (ҚК 300-бабы), улы заттардың, сондай-ақ есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын немесе улы заттарды дайындау немесе қайта өңдеу үшін пайдаланылатын заттардың, құралдардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (ҚК 301-бабы), есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын тұтыну үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау және сол мақсаттар үшін үй-жайлар беру (ҚК 302-бабы), есірткі заттарымен, психотроптық немесе улы заттармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (ҚК 303-бабы), дәрілік немесе басқа да құралдарды пайдалана отырып, мас болу үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау (ҚК 310-бабы).

Сонымен бірге, ерте ме, кеш пе, нашақор тұтынушылар сатушылармен, қылмыстық топтардың өкілдерімен байланыс орнатуға мәжбүр болады, оларға материалдық және психологиялық тәуелділікке түседі. Көбінесе, өздері үшін есірткінің кезекті бөлігін сатып алуға қажетті ақша қаражаты болмаса, олар қарызға алады, содан кейін осы қарызды өтеу үшін «жұмыс істейді», соның ішінде есірткіні тарату бойынша дилерлерге қызмет көрсетеді. Осылайша, есірткіге тәуелді адамдар қылмыстық жазаланбайтын әрекеттен (тұтыну) ауыр қылмысқа (есірткі тарату) дейінгі шекараны өздері байқамай аттап өтеді.

Есірткіге байланысты қылмыстардың екінші тобына мыналар жатады: Нашақорлардың есірткі сатып алу үшін ақша табудың жалғыз мақсатымен шешілетін пайдақорлық және пайдақорлық зорлық-зомбылық түріндегі қоғамдық қауіпті әрекеттері. Нашақорлық ауруының ерекшелігі сол, оған тартылған, содан кейін созылмалы науқасқа айналған нашақор үнемі тұтынылатын есірткінің бірдей мөлшерімен жүре алмайды. Бірте-бірте, бірақ сөзсіз оның тәуліктік дозасы бірнеше есе артады.

Содан кейін, тұлға өз еңбегімен ақша табу, тоқтауға, көмек сұрауға деген ұмтылыстарын тоқтатады. Нашақор барған сайын деграцияланып, есірткінің құлына айналады, ол үшін ол бәріне дайын болады. Мұндай жағдайда жасалған қылмыс ол үшін ақша табудың тез және жалғыз қолайлы тәсілі болып табылады.

Үшінші топқа нашақорлар мас күйінде жасаған ауыр қылмыстары кіреді.

Бұл жағдайда нашақор өзіне де, айналасындағы адамдарға да нақты зиян келтіру қаупін тудырады. Есірткінің әсерінен ол, әдетте, өз жағдайын барабар және объективті түрде бағалай алмайды. Барлығы нашақордың қоғамдық қауіпті мінез-құлқымен, атап айтқанда жәбірленушілердің өмірі мен денсаулығына қарсы агрессивті және зорлық-зомбылық қылмыстарды жасаумен анықталады. Жеке тұлғаға қарсы есірткіге мас болған нашақорлар жасаған қылмыстар көбінесе ерекше қатыгездік пен цинизммен ерекшеленеді, және ол жәбірленушіні ұзақ және аяусыз азаптаумен бірге жүреді. Соңғы жылдары ішімдік ішу арқылы ғана емес, нашақорлық негізінде де зорлық-зомбылық қылмыстарының айтарлықтай өсуі байқалды.

Криминологтар жасалған қылмыстардың құрылымындағы өзгерістер ерекше алаңдаушылық туғызатынын атап өтті: атап айтқанда қасақана кісі өлтіру (100% - ға), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (200% - ға), зорлау (150% - ға) саны артып келеді. Сонымен қатар, алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде қылмыс жасау 180% - ға артқан.

Есірткіге байланысты қылмыстардың *төртінші тобына* жас ұрпаққа қарсы жасалған қылмыстар кіреді. Нашақорлықтың балалардың, жасөспірімдердің және жастардың денсаулығына, сайып келгенде, қоғамның болашақ генофондына келтіретін зияны мен мөлшерін толық бағалау мүмкін емес. Бұл қылмыстар тобына нашақорлықтың кең таралуына, жастардың арасынан жаңа құрбандарды тартуға байланысты қоғамдық қауіпті әрекеттер кіреді. Есірткіге созылмалы тәуелділікке түскеннен кейін, ауруды өз бетінше жеңе алмай, жұмысынан және жалақысынан айырылған адамдардың бұл санаты есірткіге ақша табу көзі туралы мәселені ерте ме, кеш пе шешуге мәжбүр болады. Көбінесе ақша үшін олар пайдакүнемдік қылмыстар жасауға барады, бірақ олардың проблемаларын шешудің ең оңай жолы - есірткінің қажетті бөліктерін сатып алуды жалғастыра алатын

жаңа адамдарды нашақорлықпен айналысуға тарту. Созылмалы нашақорлар есірткінің кезекті дозасын алу үшін нашақорлардың ересек қорғаушыларынан қорқып, ұрлық жасап, үйден ақша мен құндылықтар әкеле бастап, содан кейін басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасай бастайды.

Бесінші топ осы қылмыстарға өте жақын. Оған есірткіні таратумен байланысты қылмыстар, олардың ең қоғамдық қауіпті түрлері кіреді. Бұл-есірткі бизнесі саласындағы ұйымдасқан қылмыстар. Осы деңгейдегі есірткі заттарын таратушылар, сатушылар, әдетте, есірткіні тұтынбайды. Олар елдің әртүрлі аймақтарында, жақын және алыс шетелдерде тармақталған байланыстары бар ұйымдасқан топтарға біріктірілген. Олардың әсері кейде елде болып жатқан қаржылық, экономикалық, кейде саяси процестерге таралады. Олардың мойнында есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар ғана емес, сонымен қатар тапсырыс бойынша кісі өлтіру, физикалық жоқ қылу және бәсекелестерді қорқыту, бопсалау, пара алу және басқа да қоғамдық қауіпті әрекеттер бар.

Ұйымдасқан қылмыс есірткінің әртүрлі айла-амалдарын жүзеге асырады және осылайша миллиондаған долларлық байлыққа ие болады, оның көмегімен ол жекелеген аймақтар немесе жалпы ел деңгейінде қаржылық операцияларға араласып қана қоймай, сонымен бірге олар үшін белгілі бір тиімді шешімдер қабылдауда мемлекеттік билікке әсер етуге тырысады.

Алтыншы топқа бас бостандығынан айыру орындарында есірткіге байланысты жасалған қылмыстар кіреді. Мұнда нашақорлық қылмыстың салдары болып табылады, дегенмен ол біраз уақыттан кейін қайтадан оның себебіне айналады. Осылайша, қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдар көбінесе дәл осы жерде (бас бостандығынан айыру орындарында) есірткіні алғаш рет қолданып көреді, содан кейін біртіндеп өз еркімен немесе оларды жүйелі түрде тұтынуға мәжбүрлейді. Бостандыққа шыққаннан кейін олар есірткіге тәуелді болып қана қоймай, есірткі бизнесімен айналысатын есірткі таратуға мамандандырылған ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтар мен топтардың белсенді мүшелеріне айналады [6, 45-бет].

Міне, осы айтылғандарды қортындылай келсек нашақорлық – тек бір адамның ғана басындағы емес, бүкіл қоғамның қасіреті болып отыр. Қоғамымыз өркенді де өркениетті болу үшін нашақорлыққа қарсы күресу әр азаматтың міндеті.

Мемлекет нашақорлықтың және есірткі бизнесінің таралуына қарсы күресте азаматтық қоғам институттары, түрлі қоғамдық-саяси және үкіметтік емес ұйымдар, жекелеген азаматтар арасында бастамашылықты дамыту және көтермелеу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зуев, А.М. Наркомания и жизнь несовместимы /А.М.Зуев //ОБЖ. Основы безопасности жизни. 2010. № 9.
2. Сыздыкова А.К., Абдрахманов К.Т., Тусбаев Г.Т. и др. Наркомания и токсикомания. Учебное пособие. Караганды. 2013. 42-43 с.
3. Лошкарёв В.В. Наркотизм как правовая категория / В.В.Лошкарёв // Право и политика. – 2008. – № 7.
4. Предупреждение подростковой и юношеской наркомании. М.: Изд. Ин-та психотерапии, 2000. – 241с.
5. Сейтхожин Б.У., Сарсембаев Б.Ш. Понятие, сущность и формы наркомании. Научный журнал «Юридический факт» - Кемерово. 2020. -17 с.
6. Кадыров М.М., Омигов В.И. Наркомания: панацея или социальное зло? - Ташкент. 1990.;